

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Қажымұхан ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 наурыздағы № 13 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 5479 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Ордабасы ауданы Қажымұхан ауыл округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қажымұхан ауыл округіндегі көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге- Ақбұлақ атауы;
- 2) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге - Тұмар атауы;
- 3) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге - Қожа Ахмет Йассауи атауы;
- 4) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге - Сабыр Рахимов атауы;
- 5) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге - Ақдала атауы;
- 6) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге - Ақжайлау атауы;
- 7) Темірлан ауылындағы атауы жоқ көшеге- Бақдәулет атауы.

2. "Қажымұхан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қажымұхан ауыл округі әкімінің орынбасары С.Боханға жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қажымұхан ауыл округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

И. Тұрғияз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК